

ҚОРҒАНШЫЛЫҚ НЕМЕСЕ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Мулькубаева Ш.Р. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м.,
Тілеп Т.С. – «Bolashaq» академиясы жеке меншік мекемесі 2 курс магистранты*

Қорғаншылық және қамқоршылық институты *tutela* және *cura* атауыменен Ежелгі Римде пайда болған. Сол кезде- ақ қорғаншылық және қамқоршылық кәмелетке толмағандар

мен минор (25 жасқа жетпеген тұлғалар) жетіспеген құқық қабілеттігін толтыру үшін тағайындалған. Алғашқыда қорғаншылық жасөспірімді қорғауда емес, отбасы мен мүлікті қорғауға арналған, сондықтан мүлікті «қорғаушы» және тұлғаны «қорғаушы» ұқсас болмаған [1; 65]. Бірақ нәтижесінде екпін тұлғаға ауысса, сенімсіз қорғаншы ауыстарылды. Қорғаншылық қоғамдық лауазым, қоғамда міндет бола бастады. Қамқоршылықта рим құқығында болды, оның пайда болу себебі ретінде жасөспірімдердің тәжірибесі жоқ болғанымен жалған мәміленің құрбандары болып қалуында негіз бар деп ғылымдардың тұжырымдары белгіленеді.

Қорғаншылық институт ретінде Афинада үй жануарларының жеке құқықтарын қорғауға бағытталған. Қорғаншылық және қамқоршылық құқықтық институт ретінде революцияға дейінгі Ресейде қалыптасқан, ал А.И.Загоровский айтуы бойынша: ата-анасынан айрылған жасөспірім балаларды бағып-күту- бұл табиғи және қажеттілік, ол адамзат қоғамының ең ерте кезеңдерінде танылуы қажет.

Асырап алуға қарағанда, қорғаншылық немесе қамқоршылық кеңестік биліктің барлық кезеңдерінде әрекет етті. Посткеңестік заң шығарушы осы саланың дәстүрін үзбеді, сондықтан қорғаншылық пен қамқоршылық қазір де әрекет етеді.

1994 жыл Қазақстан Республиканың Азаматтық кодексі қабылдағанға дейін қорғаншылық және қамқоршылыққа байланысты қатынастар отбасы заңнамасымен реттелген. Дегенмен қорғаншылық пен қамқоршылық азаматтардың құқыққабілеттілігі және әрекетқабілеттілігі туралы азаматтық заңнама институтымен байланысы бар деп танылды, осыған орай, тек отбасы құқығына ғана тиесілі емес, азаматтық құқық ғылымымен де қарастырылуы қажет деген тұжырым пайда болды.

Қорғаншылық және қамқоршылықтың ең көп таралған түсініктемесі ретінде аралас азаматтық, отбасылық және әкімшілік құқықтың (мысалы, жергілікті әкімшіліктің қорғаншы мен қамқоршының өз міндеттерін орындауы бойынша бақылау жөнінде) кейбір бөлім институттарынан құралған. Қорғаншылық және қамқоршылықты құқықтық қатынастарды реттеудің кешенді сипаттамасы туралы ұғым негізделген және ол заңнамада көрініс тапты.

1990 ж.ж басында жаңа азаматтық заңнаманың қалыптасу кезінде көптеген азаматтық заңнама өзгерді. Дегенмен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғайтын нормалардың мазмұны тіптен өзгермеген.

Ғалым-заңгерлердің ортасында қорғаншылық және қамқоршылық маңызды емес институт ретінде көзқарас қалыптасты. Әлі күнге дейін Н.М. Ершованың тұжырымы әділ: “отбасы құқығы бойынша мамандар қорғаншылық және қамқоршылықты толық өзінің саласы ретінде санамайды, цивилистер отбасы құқығының саласына тиесті деп, бұл институтты дамытпайды”. Азаматтық заңнама және цивилистикалық ғылымында болған өзгерістер арасында қорғаншылық және қамқоршылық институтын реформалау қажеттігін көрсетеді.

Ғылыми әдебиеттерде қорғаншылық және қамқоршылыққа байланысты көптеген пікірлер айтылады. Мысалы Н.М. Ершованың көзқарасы ең негізделген деп саналады, оның пікірі бойынша қорғаншылық және қамқоршылық «отбасы және азаматтық құқықтың кешенді бөлімі, өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғайтын ерекше

нысандарына қажет ететін және жеке және мүліктік құқықтарын қорғау мақсатында ие азаматтарға қорғаудың барлық түрлерін қамтитыны» анықтайды [2; 87].

Берілген құқықтық институт ескертілгендей, отбасы мен азаматтық заңнамамен байланысты кең көлемді мәселелерді қамтиды. Қорғаншылық және қамқоршылық бір-бірімен тығыз байланысты. Екі жағдайда да әрекет қабілеттілігі жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлғалар туралы сөз қозғалады. Қорғаншылық және қамқоршылықты реттейтін нормалар бірдей заңнамалық актілерде беріледі, оларды шешуде бірдей мемлекеттік орган - қорғаншылық және қамқоршылық органы реттейді. Сонымен қатар, қорғаншыны таңдау мен тағайындаудың тәртібі, қорғауға алынғандарға өз құқықтарын қорғаудағы міндеті де жалпы болады.

Мемлекет қорғаншылық және қамқоршылық органдары арқылы әртүрлі себептермен ата-аналық қамқорлығынан қалған балаларға және жетім балаларға өзінің қамқорлығын іске асырады. Қорғаншылық және қамқоршылықтың негізгі айырмашылығы ретінде қамқорға алынған тұлғаның әрекет қабілеттілігінің деңгейіне сәйкес, қорғаншылық пен қамқоршылықтың құқықтары мен міндеттердің көлемінде анықталады.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекстің 1 т. 21 т.т. сәйкес, қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны [3]; осы баптың 19 т.т. сәйкес, қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарына салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық қоса алғанда, олардың ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарының қайтыс болуы, ата-ана құқықтарын шектеу, ата-анасының танудағы әрекетке қабілетсіздігі, ата-анасының ауруы, ата-анасының ұзақ уақыт бойы болмаған, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін балаларды тәрбиелеп немесе ата-анасының жалтару, жағдайларда белгіленеді. Е.А. Чефранованың пікірімен келісуге болады: қорғаншылық және қамқоршылыққа байланысты айтатын болсақ, әртүрлі себептермен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыруға ғана емес, ең біріншіден кәмелетке толмаған және өзгеде әрекет қабілетсіз немесе толық әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарын қорғау мақсатын көздейтін институт болып табылады [4; 269].

Қорғаншылық немесе қамқоршылықтың мақсаты ретінде, біріншіден, қамқорлықтағы тұлғаның жетіспеген әрекет қабілетін толтыру («қорғаншының еркімен оның ересек ерік-жігерін толықтырады»), ал екіншіден (қорғаншы және қамқоршылықты қорғаншы отбасының нысаны ретінде сипаттайтын) – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған баланың мүддесін қорғау. Демек кәмелетке толмаған балаларға қорғаншылықтың немесе қамқоршылықты ерекше міндеті ретінде баланы асырап алу мүмкіндігін болмаған жайдайда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға отбасылық тәрбиені қамтамасыз ету болып табылады.

Қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастар теориясы бұрыннан және тек қана отбасы құқығы позициясынан зерттелген, өйткені қорғаншылық және қамқоршылық құқықтық институтының өзі кешенді институт ретінде мойындалғанымен, онда отбасы құқығының нормалары негізгі рөл атқаратын, ал тиісті қатынастарды құқықтық реттеудің заманауи көрінісі туралы былай айта алмаймыз.

Сондықтан бір жағынан тиісті құқықтық қатынастардың мәнін ашатын теориялық ережелерді мүлдем елемуге болмайды. Мәселен, бұл салада сыртқы және ішкі құқықтық қатынастардың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды, осыған өз кезегінде Е.М.Ворожейкин және өзге де авторлар назар аударған болатын [5; 47].

Мәселен, В.А. Рясенцев қорғаншылық пен қамқоршылықтың сыртқы құқықтық қатынастарының ерекшеліктеріне, яғни қорғаншы (қамқоршы) мен үшінші тұлғалардың арасында туындайтын қатынастарға, соның ішінде оларды өкілдік бойынша қатынастарға жатқыза отырып назар аударған [6; 67].

Азаматтық құқықтағы өкілдік мәселелерін зерттеген авторлардың барлығы қандайда бір деңгейде бұл құқықтық қатынастардың азаматтық құқықтық табиғатын көрсете отырып, ерекшеліктерін айқындаған [7; 603].

Қорғаншылық және қамқоршылық бойынша ішкі құқықтық қатынастардың отбасылық-құқықтық табиғатына қатысты көптеген ережелер қазіргі уақытта да өздерінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Отбасылық қатынастарды реттеуге азаматтық-құқықтық санаттардың белсенді енгізіліп жатқандығына қарамастан, балаларға қорғаншылық және қамқоршылықты тағайындау бойынша құқықтық қатынастар отбасылық-құқықтық болып қала береді.

Екінші бір жағынан қорғаншы (қамқоршы) мен кәмелетке толған қамқорлыққа алынушының арасындағы қатынастардың отбасылық-құқықтық сипаты бұл құқықтық қатынастардың табиғатын еш уақытта ашпағандығын мойындамау мүмкін емес.

Сонымен қатар отбасылық және азаматтық құқықтың жақындастырылуы қорғаншылық және қамқоршылық бойынша қатынастардың бірқатар тобын құқықтық реттеуді унификациялауды қажет етті.

Қамқорлыққа алынушыны күтіп-бағу, қорғаншының (қамқоршының) қамқорлыққа алынушымен бірге тұру қажеттілігі, қамқорлыққа алынушының мүлкін басқару және қорғау бойынша қорғаншылардың және қамқоршылардың құқықтары мен міндеттері сияқты барлық мәселелер кәмелетке толған тұлғалар мен кәмелетке толмаған тұлғаларға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықта бірдей реттелуі қажет. Сондықтан аталған құқықтық қатынастың құрылымы мен мазмұны туралы мәселелерді зерттеуде жаңа ұстанымдар мен жаңа мәселелерді ескеруіміз қажет.

Егер қорғаншылық пен қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастарды біртұтас санат ретінде қарастыратын болсақ, бұл жерде оның жалпылама санат екендігін ескеруіміз қажет. Бұл саладағы құқықтық қатынастар қорғаншылықты немесе қамқоршылықты қажет ететін тұлға анықталған сәттен бастап, қорғаншылық немесе қамқоршылық аяқталғанға дейін жалғасады. Бір құқықтық қатынас өздігінен туындап, өзге құқықтық қатынасты туындататын заңды факт болып табылады.

Құқықтық қатынастың мұндай байланысы және заңды факт трансформациялануы қорғаншылықты немесе қамқоршылықты бекіту және оны жүзеге асыру бойынша құқықтық қатынастардың арасында көрініс табады: біріншісі екіншісін туындатады; біріншісі себеп болса, екіншісі – салдар болып табылады [8;53].

Тиісті құқықтық қатынастың даму динамикасын ескеретін болсақ оны тағайындау бойынша құқықтық қатынастар, қорғаншылық пен қамқоршылықты жүзеге асыру және тоқтату бойынша құқықтық қатынастар деп бөлуге болады, алайда жекелеген жағдайларда, мысалы кәмелетке толмаған қамқорлыққа алынушы кәмелеттік жасқа толған жағдайда немесе ол некеге тұрған жағдайда қорғаншылықтың қалай тоқтатылатындығын сипаттау мүмкін емес, өйткені мұндай жағдайларда ешқандай органдарға жүгінудің қажеттілігі жоқ және мұндай жағдай ешқандай құқықтық рәсімдеуді қажет етпейді.

Қорғаншылық пен қамқоршылықты бекіту және тоқтатуда, егер ол құқықтық рәсімдеуді талап етсе (мысалы, қорғаншыны немесе қамқоршыны өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан босатуда немесе шеттетуде) құқықтық қатынасқа жария билік органы ретінде қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қатысуы міндетті [9; 457]. Сондықтан қорғаншылықты және қамқоршылықты бекіту туралы, азаматты қорғаншы немесе қамқоршы ретінде тағайындау туралы актілердің шарттық табиғатына қарамастан, бұл құқықтық қатынастардың жеке-құқықтық емес, анағұрлым басым деңгейде жария-құқықтық сипатты иеленетіндігін констатациялауымыз керек, алайда аталған қатынастарды құқықтық реттеудегі акцент жеке құқыққа тән екендігін де мойындауымыз қажет.

Қорғаншы (қамқоршы) мен үшінші тұлғалардың арасында қалыптасатын, сыртқы құқықтық қатынастар деп аталатын қатынастарды қорғаншылық және қамқоршылық

бойынша құқықтық қатынастардың жалпы жүйесіне енгізу керек пе деген мәселе де қызығушылық туындайды.

Аталған сұраққа жауап беру үшін, өзге бір сұрақтың шешімін табу қажет: қорғаншының қамқорлыққа алынушының мүддесін көздеп әрекет ететіндігін үшінші тұлғалар білуге құқылы немесе міндетті ме деген сұраққа жауап беру, өйткені қорғаншы қамқорлыққа алынушының мүддесін көздеп барлық мүліктік мәмілелерді жасайды және өзінің атынан әрекет етеді. Ал қамқоршылыққа қатысты мұндай сұрақ туындамайды, өйткені қамқоршы қамқорлыққа алынушыға құқықтық іс-әрекеттерді жасауға келісім ғана береді және салыстырмалы түрде алатын болсақ, жекелеген жағдайларда ғана ол қамқорлыққа алынушының заңды өкілі ретінде қатысады.

Қазіргі уақытта қорғаншылық және қамқоршылық бойынша қатынастарды құқықтық реттеуде негізгі рөл азаматтық құқыққа берілгендігіне тәуелді, бұл қатынастарды азаматтық құқықтық реттеу пәні бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік деп саралауға болады. Жеке мүліктік емес құқықтық қатынастар кәмелетке толмаған балаларға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықты жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады, өйткені мұндай қорғаншылық пен қамқоршылықтың мақсаты кәмелетке толмаған қамқорлыққа алынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен қатар, оларды тәрбиелеу болып табылады.

Аталған саладағы мүліктік қатынастарға келер болсақ, бұл жерде заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық қатынастарды бөліп көрсетуге болады. Қорғаншының (қамқоршының) және қамқорлыққа алынушының бір-бірінің мүліктерімен тегін, ақысыз пайдалануға құқықтарынан тиісті қатынастардың заттық-құқықтық сипаты көрініс табады.

Мұндай құқықтық қатынастарда заттық және міндеттемелік құқықтық қатынастардың аражігін ажырату өте күрделі, өйткені бір-бірінің мүлкімен өзара пайдалануды ақысыз пайдалану бойынша шарттық қатынастар ретінде бағалауға болады. Жалпы қорғаншы (қамқоршы) мен қамқорлыққа алынушы арасындағы міндеттемелік құқықтық қатынастарға негізгі рөл тиесілі екендігін мойындауымыз қажет, алайда қорғаншының немесе қамқоршының қамқорлыққа алынушыға нақты заттық құқықтарды беру мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз.

Заттық құқықтар абсолюттік құқықтарға, ал міндеттемелік – шектеулі құқықтарға жататын болғандықтан, зерттеліп отырған құқықтық қатынастардың жүйесінде абсолютті және шектелген құқықтық қатынастарды бөліп көрсетуге болады. Қамқорлыққа алынушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, кәмелетке толмаған балаларға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастарда қамқорлыққа алынушыны жеке өзінің тәрбиелеуі қорғаншының (қамқоршының) абсолютті құқықтары болып табылады.

Сонымен қатар, қатынастардың тиісті аясында реттеуші және қорғаушы құқықтық қатынастарды бөліп көрсетуге болады, ал ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің қабылдануының нәтижесінде мемлекет атынан құқықтық қатынасқа түсетін қорғаншылық және қамқоршылық органдары мен қорғаншылардың (қамқоршылардың) арасында, қорғаншылық және қамқоршылық органдары мен үшінші тұлғалардың арасында туындайтын қорғаушылық құқықтық қатынастардың саны арта түсті.

Қорғаушылық құқықтық қатынастарға бірінші кезекте қорғаншының немесе қамқоршының жеке өзінің қамқорлыққа алынушының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуымен байланысты туындайтын, жауапкершілікке әкеп соғатын құқықтық қатынастарды жатқызуымыз керек. Олардың қатарына қамқорлыққа алынушының мүлкін қорғау бойынша құқықтық қатынастар да кіреді.

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 4 тарауы қамқорлыққа алынушының мүлкінің ерекше құқықтық режимін бекіткен және оны қорғау бойынша шараларды, сонымен қатар қорғаншылар мен қамқоршылардың тиісті мүлікпен билік

етулерінің шектерін де нақты анықтаған [3]. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары тұлғаны қорғаншы (қамқоршы) ретінде тағайындау туралы актіде және қорғаншылықты немесе қамқоршылықты жүзеге асыру туралы шартта қорғаншы немесе қамқоршы жүзеге асыра алмайтын іс-әрекеттердің аясын бекітуге құқылы.

Мемлекет пен қамқорлыққа алынушы арасында туындайтын қорғаушылық құқықтық қатынастардың бар екендігіне де назар аударуымыз қажет. Соның ішінде, қорғаншының немесе қамқоршының уақытылы тағайындалмауы салдарынан қамқорлыққа алынушының жеке өзіне немесе оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайларда не болмаса қамқорлыққа алынушы үшінші бір тұлғаларға зиян келтірген жағдайларда жауапкершілікті мемлекет көтереді.

Қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастардың құрылымын кез-келген құқықтық қатынастың құрылымына кіретін элементтер құрайды: объектілері, субъектілік құрам және мазмұны, алайда құқықтық әдебиеттерде өзге сөз тіркестерін кездестіруге болады, «құқықтық қатынастың құрылымы және мазмұны» деген. Жалпы алғанда мұндай позицияны жоққа шығара алмаймыз, өйткені субъективтік құқықтар мен міндеттердің күрделі жиынтығы ретіндегі құқықтық қатынастың мазмұны - құқықтық қатынастың жеке элементі ретінде қарастырылуы мүмкін [10; 10].

Осы зерттеуді қорытындылай келе, қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастардың жүйесіндегі жекелеген құқықтық қатынастардың аясы бір жағынан, әрқилы жеке құқықтық әрі жария-құқықтық, азаматтық-құқықтық әрі отбасылық-құқықтық, жеке және мүліктік, заттық-құқықтық және міндеттемелік-құқықтық, абсолютті әрі шектелген, реттеуші әрі қорғаушы құқықтық қатынастарды қамтиды, екінші жағынан бұл құқықтық қатынастар өзара тығыз байланысты, өйткені олардың әрқайсысын жекелеп қарастырғанда бұрын талданған ережелерді қайталамау мүмкін емес. Сондықтан бұл құқықтық қатынастарды қорғаншылық және қамқоршылық бойынша құқықтық қатынастардың қатысушыларының азаматтық-құқықтық жағдайларының талдауы негізінде зерттеген мақсатқа сай келеді деп пайымдауға ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Новицкий И.Б. Римское право. - М.: КноРус, 2014. - 304 с
- 2 Нечаева А.М. Семейное право [Текст]: курс лекций / А. М. Нечаева, 2012. - 318 с.
- 3 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- 4 Чефранова, Е. В. Применение к семейным отношениям норм гражданского законодательства / Е. В. Чефранова // Российская юстиция. - 2015. - №10. - 269 с.
- 5 Ворожейкин Е.М. Семейные правоотношения в СССР. - М.: Юридическая литература, 1972. - 47 с.
- 6 Рясенцев В.А. Семейное право. - М.: Юридическая литература, 1982. - 423 с.
- 7 Рясенцев В.А. Представительство и сделки в современном гражданском праве. - М.:Статут, 2016. - 603 с.
- 8 Михеева Л.Ю. Институт опеки и попечительства в современных условиях. //Государство и право, 2003, № 5. С. 53-59.
- 9 Королев Ю.А. Комментарии к Семейному Кодексу Российской Федерации - М.: «Юридический дом «Юстицинформ», 2003.- 567 с.
- 10 Крашенинников, Н. И. Постатейный Комментарий к Семейному Кодексу РФ / Н. И. Крашенинников.-М.: Статут, 2006.-557 с.